



*Мейірімді  
жүрекпен,  
Ақпейілді тілекпен,  
Амандасып алайық,  
Бір жадырап  
қалайық!*



**тренинг:” Сенің ерекше қабілетің “**

**Шеңбер болып тұрайық,**

**Қолымыздан ұстайық.**

**Сәттілік тілеп сабақта,**

**Көңілді бірге болайық.**

(Оқушылар бір –біріне жақсы тілектер,сәттіліктер тілейді.)



**видео ( 5 мин)**

**Сабақтың тақырыбын ашу.**

**-Ал, балалар бүгінгі сабақта қандай тақырыпта сөйлеседі екенбіз? Кімнің қандай ойы бар?**





# «Менің болашақ мамандығым»



## Сабақтың жалпы мақсаты :

Модуль бойынша алған білімдеріне қорытынды жасау. Оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне, қабілетіне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал ету.

## Күтілетін нәтиже:

Сыни тұрғыда ойланып, ой қорытады, ойын дұрыс жеткізуге дағдыланады.



## II. Негізгі бөлім

### 2. Тақырыпқа кіріспе.

Абайдың бір шумақ өлеңі .  
Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң, арқалан.  
Сен де бір кірпіш дүниеге,  
Кетігін тап та, бар қалан.

(Абай Құнанбаев)

Әр адам ерте ме, кеш пе өз өмірінде «Қандай мамандық иесі боламын?» деген сұраққа жауап іздейді. Мамандық таңдау – өте жауапты іс. Өйткені, таңдаған мамандығың ертеңгі сенің өмірің, болашағың, қоғамның болашағы, еліміздің ертеңі.



Мамандық таңдау - өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы - адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне **сенімді**, қабілетті, дұрыс таңдау жасаған адам ғана жетістікке жетеді. **Қабілеттілік**-табиғаттың әрбір адамға сыйлайтын ғажайып сыйы, Біреуге көбірек, біреуге азырақ бұйырады. Ал ұзақ уақыт бойы өз басында ешбір қабілеттілік жоқ деп санап жүрген үшінші біреу кенет өз бойынан ерекше қасиеттерді байқайды. Мыс: оның **өнертапқыштық** қабілеті не сурет салуға бейімділігі, не ақындық дарыны бары белгілі болады. Өзінің сұранысын, қызығушылығын жоймаған кең тараған мамандықтарға дәрігер, мұғалім және құрылысшы мамандықтарын атап өтуге болады. Ал, өзекті мамандықтар қатарына жоғары технология, байланыс, коммуникация, әлеуметтік орта, экономиканы басқару мамандықтары және еңбек сұранысына қажетті жаңа мамандықтар жатады. Қоғамның дамуында мамандық иелерінен жоғары кәсіби біліктілікті, коммуникативтік қабілетті, еңбек етуге деген сүйіспеншілікті, қызығушылықты, өз мамандығы бойынша біліктілігін арттыруға даяр болатын мамандық иесін талап етеді. Сондықтан икемі, қызығуы, бейімі бар мамандықты таңдай білу, өзіне, қоғамға тигізетін пайдасын ойлау, мұндай еңбектен шабыттатыны, ол өнімді еңбекке ұласып, табыс әкелетінін білу керек.



# “Миға шабуыл”

Мақалға оқушылардың өз пікірлерін айтқызу.

Мақал –мәтелден антоним,омонимдерді тап.

*Еңбексіз өмір жоқ,  
Ауырсыз жеңіл жоқ.*

*Жалқаулық аздырады,  
еңбек оздырады.*

*Бақыт кілті - еңбекте.*

*Көз қорқақ,қол батыр.*

Сонымен «Ми шабуылы» - ой қозғауы бастайық: Жалпы сұрақ 3 минут

•Мамандық дегеніміз не?

1.Мамандықты меңгеру үшін не қажет?

•Белгілі бір кәсіптің иесі болу үшін міндетті түрде жоғары білім алу қажет пе?

•Ауыл экономикасын көтеру үшін, ауылға ең алдымен қандай мамандықтар қажет деп ойлайсындар?

•Адам өз мамандығын таңдаған кезде, нені басшылыққа алу керек?

•Жақсы маман болу үшін адам нені білуі және үйренуі керек?

•Адам өзін белгілі бір мамандыққа қашан, қалай дайындауы керек?

•Қай уақытта адам өз еңбегінің жемісін көре алады?





## **“Аяқталмаған сөйлем”**

*(Көп нүктенің орнына өз ойларын жазу, ойды аяқтау).*

- *Жақсы маман ол -...*
- *Мамандық таңдағанда....*
- *Жақсы маман болу үшін...*



Мағынаны ашу, постер қорғау

I-топ. Мамандық  
II-топ. Қабілет  
III-топ. Білім



**Сергіту (аңыз тындау)  
Притча о бабочке**





## **«Ойлаудың алты қалпағы» әдісі.**

**Ақ телпек-Статистикалық( ақпарат пен факт келтіреді)**

**Сары телпек – Сәттілік (сәтті кезеңдерді айтады).**

**Қара телпек– Сәтсіздік мамандық таңдауда сәтсіз тұстарын айтады)**

**Көк телпек- Аналитикалық талдау(қазіргі таңдағы қажетті мамандықтар,неліктен жұмысқа орналасу қиын?)**

**Жасыл телпек – Шығармашылық (идеялар мен болжамдар айтады)**

**Қызыл телпек – Сезімтал ( оқу барысында бастан кешірген сезімдерін тұжырымдайды**



**Ой толғаныс**  
(Тірек сызба бойынша өз ойын жинақтау.)

## Сондықтан:

мына қабілеттерді дамыту керек

КОММУНИКАБЕЛЬДІ



ЭМОЦИОНАЛДЫ  
ТҰРАҚТЫ

ТӘРТІПТІ

КӘСІБИ МАМАН РЕТІНДЕ  
БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

## Қажет

*Еңбек рыногындағы сұраныс*



**Жас мамандарға қойылатын талаптар:**

- инициативті;
- жауапкершілігі мол;
- өз бетінше жұмыс істей алуы;



- және ең бастысы өзіне деген сеніммен максатына жете білуі

# Үйге тапсырма

**“Менің болашақ  
мамандығым”  
(Эссе жазып келу**





Білім шыңы

Еңбек етсем, ертеңгі-бақытыма сенемін  
Мақсатыма жеткізер-уақытыма сенемін.  
Достық іспен қасты да- жеңеріме сенемін,  
Ақыл, сана, білім мен- өнеріме сенемін.  
Арым-таза, ақ көңіл- адалдыққа сенемін.  
Абыройлы ақ ниет- адамдыққа сенемін





# Қорытындылау “Мамандық нұры”

(Өз ойларын жазып жапсыруын сұрайды.)



# Рефлексия.

- Сабақтағы алған әсерін білу
- Өлең жолдарын оқып, Елбасының сөзімен аяқтайды.



